

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 30 қазандағы
(№32 хаттама) шешімімен бекітілген
Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше
жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібін анықтау ережелеріне
1-Қосымша

Сандық және сапалы индикаторларды есептеу үшін пайдаланылатын мәліметтердің тізбесі

*Сандық және сапалы индикаторларды есептеу үшін пайдаланылатын
мәліметтердің осы тізбесі «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2016.28.06. (№4 хаттама) шешімімен жаңа редакцияда
баяндалды (2016.01.06. бастап қолданысқа енгізілді)*

Уәкілетті мемлекеттік органынан депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымы алатын қатысушы банктердің есеп нысандары:

1. Жиынтық баланс (700 –Н-нысаны).
2. Кірістер мен шығыстар.
3. Шартты және мүмкін болатын талаптар мен міндеттемелер.
4. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 76 Қаулысына 7 қосымша (№76 БҚ) - активтердің және шартты міндеттемелердің, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) құрылымы туралы есеп (ФС_КА_МСФО).
5. №76 БҚ-на 8 Қосымша - Қамтамасыз ету түрі бойынша қарыздар туралы есеп (ФС_ЗД).
6. №76 БҚ-на 9 Қосымша - Қарыздар, оның ішінде жан-жақты көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері туралы есеп (ФС_ЗПД_МСФО).
7. №76 БҚ-на 10 Қосымша - Қарыздар, оның ішінде салалар бойынша (оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместері) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері туралы есеп (ФС_ПЗО_МСФО).
8. Пруденциалды нормативтердің мәні туралы, ең төменгі резервтік талаптарды орындау туралы мәліметтер.
9. Қатысушы банктерге (олардың лауазымды тұлғаларына, ірі қатысушыларына, банктік холдингтерге) уәкілетті мемлекеттік органының санкциялары мен шектелген ықпал ету шараларын қолдану туралы ақпарат.
Қатысушы банктерден депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымымен алынатын қатысушы банктердің есеп нысандары:
1. Халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтері (Standard & Poor's, Moody's, Fitch)
2. Қатысушы банктердің жеке тұлғалардан тартылған депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы мәліметтер
3. Қатысушы банктің есепті кезең ішінде Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамындағы өзгерістері туралы мәліметтер
4. Қатысушы банктерінің жылдық қаржылық есептілігі аудиті нәтижелері бойынша шоғырландырылған аудиторлық есебі
5. Жеке тұлғалар депозиттерін тарту бойынша қатысушы банкте агенттік желінің болуы немесе болмауы туралы есепті ай бойынша мәліметтер.